

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсын өткізудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК Жастар жылы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсын өткізеді. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу жалпыға бірдей қолжетімділік принциптары негізінде құрылды.

1.2 Конкурстың мақсаты:

-өз өңірінің тарихын білу арқылы белсенді азаматтық ұснанымды қалыптастыру, тарихи және өлкетану біліміне баулу.

1.3 Конкурстың міндеттері:

- өлтануға қызығушылық білдіретін оқушыларды анықтау және қолдау;
- туған өлкенің тарихын зерделеу үшін танымдық қызығушылыққа ынталандыру;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін және әлеуметтік белсенділігін дамыту жалпы тарих, туған жер, өз ауылы, қаласы, өңіріне деген сүйіспеншілік негізінде жалпы қазақстандық ұқсастық пен бірлікті қалыптастыру;
- өскелең ұрпақтың патриотизм, ұлттық өзара ұқсастық және өзінің кіші Отаны үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

1.4 Конкурстың ұйымдастырушысы:

-М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы.

1.5 Конкурстың қатысушылары

Конкурстың қатысушылары әр жастағы командалар болып табылады: саны 3 адамнан құралған Павлодар облысының жалпы орта білім беру мекемелерінің 10-11 сынып оқушылары, колледж және лицей студенттері. Қатысушылардың жасы: 16 - 19 жас аралығындағы жасөспірімдер.

1.6 Конкурстың қазылар алқасы

Конкурстың қазылар алқасының құрамына кіретіндер: Павлодар облысының білім беру басқармасының маманы, стартап-жобалары бойынша ПМУ студенттері, ЦРМИ мамандары, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы басшысының бейіндеп оқыту ісі жөніндегі орынбасары.

2. Облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсын өткізудің тәртібі

2.1. Конкурс екі кезеңмен өткізіледі:

Бірінші кезең – күндізгі, іріктеу аудандық/қалалық (1-30 сәуір).

Конкурсты өткізудің формасы: интеллектуалдық турнир, бейнероликтер мен тұсаукесерлер конкурсы, әлеуметтік жобалар.

Конкурстың аудандық/қалалық іріктеу кезеңінің жеңімпаздары конкурстың облыстық кезеңіне қатысады.

Екінші кезең – күндізгі, облыстық (16 мамыр).

2.2. Конкурстың бағдарламасы:

1. «Мы заявляем о себе» конкурсына командалардың тұсаукесері кіреді .
2. «Менің кіші Отаным» конкурсы:
 - «Ертістің Павлодар өңірінің адамдары».
Көрсету формасы: кіші Отанының дамуына үлкен үлес қосқан және «Павлодар облысының 100 жаңа есімі» бағдарламасына енгізілген адамдар туралы тұсаукесер немесе бейнеролик
 - «Жастардың әлеуметтік жобалары»
Көрсету формасы: команданың өз ауылында немесе қаласында іске асырылған жобаның сипаттамасы және нәтижесі.
3. Интеллектуалдық конкурс «Ұлы даланың Ұлы есімдері» Отанымыздың тарихы мен атақты адамдары туралы білімі.

3. Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар

3.1 Конкурсқа жіберілген жұмыс қазақ және орыс тілінде болуы мүмкін.

3.2 Конкурстық жұмыс бұрын ешбір жерде немесе конкурста жарияланбауы тиіс.

3.3 Ұлттық, әлеуметтік, діни араздықты насихаттайтын және әдеп нормаларын бұзатын жұмыстар конкурсқа жіберілмейді.

3.4 Ғаламтор желісінен алынған тұсаукесер немесе бейнероликті конкурста пайдалануға қатаң түрде тыйым салынады .

3.5 Конкурстық жұмыстарға пікір жазылмайды және олар қайтарылмайды.

Конкурсқа қатысу шарты бұзылған жағдайда ұйымдастырушылар жұмысты қарамауға құқылы.

4. Конкурстарды бағалау өлшемдері.

4.1 Конкурстық жұмысты бағалау өлшемдері:

- жұмыстың конкурстың тақырыбына сәйкестігі
- тақырыптың толықтай ашылуы
- берілген ақпараттың шындығы
- жаңашылдығы мен өзгешелігі
- конкурс ережесінің талаптарына сәйкестігі.

4.2 Командалардың өнерін бағалау өлшемдері :

- конкурс тақырыбына сәйкес сыртқы бейнесі
- сүйемелдеудің болуы (мысалы: музыкалық, бейнеролик, тұсаукесер және т.б.)
- жауаптық толықтығы мен мазмұны
- идеяның ерекшелігі
- команданың ұйымшылдығы
- уақыт регламентінің сақталуы.

5. Жоба қатысушыларын марапаттаудың тәртібі

5.1 Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпазды анықтайды.

5.2 1,2,3 орындарға ие болған конкурс қатысушылары дипломмен марапатталады. Конкурста жеңбеген барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

5.3 Жеңімпаздардың аттары Павлодар облысының білім беру басқармасы және М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайтында жарияланады.

6. Қатысу тәртібі

6. «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурстың облыстық турына қатысуға өтініш (1қосымша) және аудандық/қалалық кезеңін ұйымдастыру және өткізу бойынша есеп беру мына үлгіде:

«Менің кіші Отаным» конкурсының қорытындысы ауданда/қалада

№ к/с	Білім беру ұйымының атауы	Қатысушылардың жалпы саны	Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы саны
1	2	3	4
1			
2...			
Аудан/қала бойынша:			

2019 жылдың 7 мамырына дейін электрондық мекенжайға жіберіледі: metodotdelDSH@mail.ru немесе мына мекенжай бойынша : Павлодар қ., 1 Май көшесі, 27, «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК қабылданады.

7. Жобаның іске асуына жауапты:

Ермекова Ғалия Тағарқызы - М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері

Байланыс телефоны: 32-85-07, 32-85-17 сағ. 9.00 - 18.00.

**Облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсына
қатысушының өтініші**

Қала/аудан	
Ұйым	
Команданың аты	
Қатысушылар құрамы: Т.А.Ә, жасы	
Жетекшінің Т.А.Ә.	
Жетекшінің жұмыс орны және қызметі	
Жетекшінің байланыс телефоны (жұмыс, ұялы, E-mail)	